

**ҚЫЛЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС.
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС.
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА
CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS**

ҒТАХР 10.81.45
ӘОЖ 343.91

10.51889/2959-6181.2025.82.4.009

Д.М. Кылышбаев^{1*} , Н.Б. Калкаева¹ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(e-mail: *darkhan.kylyshbayev@mail.ru, nesibeli77@mail.ru)

**ЖОЛ-КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛЫСТЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ
КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың криминологиялық және құқықтық негіздері кешенді түрде талданады. Зерттеу барысында жол-көлік қылмыстарының қазіргі жағдайы, олардың себептік факторлары мен даму үрдістері айқындалады. Авторлар жол-көлік оқиғаларына байланысты қылмыстардың құрылымдық және динамикалық сипаттамаларын қарастырып, оларды алдын алу тетіктерін жетілдірудің өзекті мәселелерін көрсетеді. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру, жол қозғалысына қатысушылардың құқықтық санасын арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру арқылы қылмыстылықтың алдын алу шараларын тиімді іске асырудың бағыттары ұсынылады.

Мақалада алдымен жол-көлік қылмыстарының ұғымы мен түрлері, олардың криминологиялық сипаттамалары талданады. Автор жол-көлік саласындағы құқық бұзушылықтардың негізгі себептерін жүргізушілердің құқықтық сауаттылығының төмендігі, көлік мәдениетінің қалыптаспауын, жол инфрақұрылымының жеткіліксіздігін және бақылау тетіктерінің әлсіздігін атап өтеді. Сонымен қатар, жол қозғалысы ережелерін бұзу, көлікті мас күйінде басқару, жолдан қашып кету сияқты әрекеттердің қоғамға қауіптілігі мен олардың әлеуметтік салдары көрсетіледі.

Криминологиялық тұрғыдан алдын алу шаралары жеке (жүргізуші тұлғасына бағытталған) және жалпы (қоғамдық деңгейдегі) бағытта қарастырылады. Ал құқықтық тұрғыдан жол-көлік саласын реттейтін ұлттық заңнама мен халықаралық нормаларға талдау жасалып, олардың тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады. Мақалада құқық қорғау органдарының, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылының маңызы ерекше атап өтіледі.

Жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың алдын алу үшін, оның ішінде құқықтық тәрбие, бақылау жүйесін жетілдіру және заңнаманы қатаңдату сияқты бағыттар бойынша кешенді тәсіл қажет деген қорытынды негізделеді.

Түйін сөздер: жол-көлік қылмыстылығы, криминологиялық талдау, құқықтық негіздер, алдын алу, құқық қорғау органдары, жол қозғалысы қауіпсіздігі, құқықтық мәдениет.

Д.М. Кылышбаев¹, Н.Б.Калкаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(e-mail: darkhan.kylyshbayev@mail.ru, nesibeli77@mail.ru)

КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПРЕСТУПНОСТИ В ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНОЙ СФЕРЕ

Аннотация

В статье комплексно анализируются криминологические и правовые основы преступности в дорожно-транспортной сфере. В ходе исследования будет определено современное состояние дорожно-транспортных преступлений, их причинные факторы и тенденции развития. Авторы рассматривают структурные и динамические характеристики преступлений, связанных с дорожно-транспортными происшествиями, и указывают на актуальные вопросы совершенствования механизмов их предупреждения. Кроме того, предлагаются направления эффективной реализации мер профилактики преступности путем совершенствования деятельности правоохранительных органов, повышения правосознания участников дорожного движения и формирования правовой культуры.

В статье в первую очередь анализируются понятия и виды дорожно-транспортных преступлений, их криминологические характеристики. Основными причинами правонарушений в дорожно-транспортной сфере является низкая правовая грамотность водителей, низкий уровень транспортной культуры, недостаточная дорожная инфраструктура и слабые механизмы контроля. Также указывается на общественную опасность и социальные последствия таких нарушений ПДД, как управление транспортом в состоянии алкогольного опьянения, скрывание с места дорожно-транспортного происшествия.

Меры криминологической профилактики предусматриваются как в индивидуальном (ориентированном на личность водителя), так и в общем (на общественном уровне) направлении. А с правовой точки зрения анализу подвергаются национальное законодательство и международные нормы, регулирующие дорожно-транспортную сферу, и предложены пути повышения их эффективности.

В заключение обосновывается вывод о том, что для предупреждения преступности в дорожно-транспортной сфере необходим комплексный подход, в том числе по таким направлениям, как правовое воспитание, совершенствование системы контроля и ужесточение законодательства.

Ключевые слова: дорожно-транспортная преступность, криминологический анализ, правовые основы, профилактика, правоохранительные органы, безопасность дорожного движения, правовая культура.

D.M.Kylyshbaev¹, N.B.Kalkayeva¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(e-mail: darkhan.kylyshbayev@mail.ru, nesibeli77@mail.ru)

CRIMINOLOGICAL AND LEGAL BASIS FOR PREVENTION OF CRIME IN THE ROAD TRANSPORT SECTOR

Abstract

The article comprehensively analyzes the criminological and legal foundations of crime in the road transport sector. The study will determine the current state of road traffic crimes, their causal factors and development trends. The author considers the structural and dynamic characteristics of crimes related to road accidents, and points to pressing issues of improving the mechanisms for their prevention. In addition, directions are proposed for the effective implementation of crime prevention measures by

improving the activities of law enforcement agencies, raising the legal awareness of road users and forming a legal culture.

The article primarily analyzes the concepts and types of road traffic crimes, their criminological characteristics. The main reasons for offenses in the road transport sector, the author notes the low legal literacy of drivers, the formation of a transport culture, insufficient road infrastructure and weak control mechanisms. It also points to the public danger and social consequences of such traffic violations as driving while intoxicated, escaping from the road.

Criminological prevention measures are provided both in the individual (personality-oriented driver) and in the general (at the public level) direction. And from a legal point of view, national legislation and international norms governing the road transport sector will be analyzed and ways to improve their effectiveness will be proposed. The article emphasizes the importance of interaction between law enforcement agencies, government agencies and public organizations.

In conclusion, the author determines that an integrated approach is needed to prevent crime in the road transport sector, including in such areas as legal education, improving the control system and tightening legislation.

Keywords: road traffic crime, criminological analysis, legal framework, prevention, law enforcement, road safety, legal culture.

Kipicne

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен урбанизация үдерістерінің жеделдеуі жол-көлік қатынасының маңызын арттырды. Алайда көлік қозғалысының көлемі мен қарқындылығының өсуі жол-көлік саласында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың көбеюіне әкеліп отыр. Жол-көлік қылмыстылығы тек қоғамдық қауіпсіздікке ғана емес, сонымен бірге азаматтардың өмірі мен денсаулығына, мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығына елеулі қауіп төндіреді.

Жол-көлік қылмыстарының алдын алу мәселесі құқық қорғау органдарының қызметіндегі ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Себебі мұндай қылмыстардың салдары көбінесе қайғылы жағдайларға, адам өлімі мен ауыр дене жарақаттарына алып келеді. Сондықтан жол-көлік қылмыстылығын зерттеу және оның алдын алу тетіктерін жетілдіру қазіргі криминология мен құқықтық ғылымның маңызды міндеті болып саналады.

Бұл мақалада жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың криминологиялық табиғаты, оны туындататын себептер мен жағдайлар, сондай-ақ олардың алдын алудың құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері қарастырылады. Зерттеу мақсаты жол-көлік қылмыстарын тиімді болдырмауға бағытталған кешенді шаралардың ғылыми негіздерін айқындау және қылмыстылықтың деңгейін төмендету жолдарын ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың деңгейі мен динамикасын, сондай-ақ оның алдын алу тетіктерінің тиімділігін анықтауға бағытталды. Мақалада кешенді және жүйелі тәсілдер қолданылып, криминологиялық және құқықтық талдау әдістері біріктірілді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі¹, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі², «Жол жүрісі туралы» заңы³, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты өзге де нормативтік-құқықтық актілер пайдаланылды. Сонымен қатар Ішкі істер

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берілген күн: 25.10.2025)

² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (өтініш берілген күн: 25.10.2025)

³ Жол жүрісі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000194> (өтініш берілген күн: 25.10.2025)

министрлігінің ресми статистикалық деректері, сот тәжірибесінің материалдары мен ғылыми-зерттеу еңбектері талдау нысаны ретінде алынды.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, зерттеу процесінде келесі әдістер қолданылды: а) салыстырмалы-құқықтық талдау - жол-көлік қылмыстарын реттеу саласындағы ұлттық және шетелдік тәжірибені салыстыру мақсатында; ә) жүйелік талдау - жол-көлік қылмыстылығының себептері мен факторларын өзара байланыста қарастыру үшін; б) статистикалық әдіс - жол-көлік қылмыстарының динамикасын және олардың құрылымдық көрсеткіштерін бағалау үшін; в) социологиялық талдау элементтері - құқық қорғау органдары қызметкерлері мен жол қозғалысына қатысушылардың пікірлерін зерттеу мақсатында қолданылды.

Зерттеу нәтижелері қылмыстылықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру, құқықтық және ұйымдастырушылық шараларды тиімді іске асыру бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Адамзат тарихының ерте кезеңдерінде қоғам қылмыстылықты тек жазалау арқылы жою немесе тежеу мүмкін еместігін түсіне бастады. Уақыт өте келе, қылмыстың алдын алу оның салдарымен күресуден әлдеқайда тиімді екені жөніндегі түсінік қалыптасты. Қоғамдық қатынастардың дамуы мен құқықтық сана деңгейінің өсуі бұл бағыттағы ой-пікірлердің философиялық және құқықтық тұрғыдан терең зерделенуіне жол ашты [1-3].

Ежелгі грек философы Платон өз еңбектерінде қоғамның тұрақтылығы мен әділеттілігін қамтамасыз етудің басты шарты - адамды қылмыс жасауға итермелейтін жағдайларды жою деп есептеді. Оның пікірінше, заңдар тек жазалау құралы емес, сонымен қатар тәрбиелік және алдын алу мәнге ие болуы тиіс. Ал Аристотель заңның мақсаты қылмыскерді жазалау емес, адамдардың дұрыс мінез-құлық қалыптастыруына ықпал ету деп атап өткен.

XVIII ғасырдағы ағартушылық дәуірде бұл идеялар жаңа мазмұнмен толықты. Монтескье өзінің еңбектерінде: «Жақсы заң шығарушы қылмыс үшін жазалау туралы емес, қылмыстың алдын алу туралы ойлауы тиіс», деп көрсетті [4]. Ол заңның басты миссиясы адамгершілік құндылықтарды сақтау және қоғамдағы әділдік пен құқықтық тәртіпті нығайту екенін ерекше атап өтті.

Бұл тұжырым Чезаре Беккарияның әйгілі «Қылмыстар және жазалар туралы» (1764) еңбегінде ғылыми-құқықтық сипатқа ие болды. Беккария жазалау шараларының қаталдығынан гөрі, олардың әділдігі мен заңдылығының маңызын дәлелдеп, қылмыстың алдын алу жүйесін жетілдірудің қажеттілігін негіздеді. Ал Вольтер Беккария еңбегіне түсіндірме бере отырып, қылмыстың алдын алу өркениетті қоғамның құқықтық мәдениетінің айнасы екенін атап өтті. Оның пікірінше, қылмысты болдырмау бұл мемлекет пен қоғамның дамыған құқықтық санасының көрінісі, яғни шынайы құқықтанудың ең биік көрінісі болып табылады.

Осылайша, адамзаттың құқықтық ой-санасында қылмысты болдырмау идеясы жазалау тұжырымдамасынан басым түсетін негізгі парадигма ретінде қалыптасты. Бұл қағидат қазіргі заманғы криминология мен қылмыстық саясаттың теориялық іргетасына айналды.

Қылмыстың алдын алудың жаһандық проблемасы XIX-XX ғасырлардағы көрнекті заңгер-ғалымдар мен әлеуметтанушылардың еңбектерінде қарқынды зерттеу нысанына айналды. Бұл кезеңде қылмыстылықты төмендетудің басты шарты ретінде оның себептерін ғылыми тұрғыдан анықтау және оларды жоюдың тиімді әдістерін қалыптастыру мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық қатынастардың күрделенуі, урбанизация мен индустрияландыру үдерістері жаңа әлеуметтік қайшылықтарды туындатып, құқық бұзушылықтың алдын алу саласына кешенді және жүйелі көзқарас қажеттігін көрсетті [5].

Қазіргі таңда қылмыстың алдын алу қызметі қылмыстың себептері мен шарттарын жоюға бағытталған әлеуметтік реттеу тетігі ретінде қарастырылады. Бұл бағыт экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік, ұйымдастырушылық және құқықтық сипаттағы шаралардың өзара байланысын қамтитын күрделі жүйе болып табылады. Мұндай шаралардың үйлесімділігі қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге, құқықтық тәртіпті нығайтуға және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

Қылмыстың алдын алу көпдеңгейлі сипатқа ие: ол жалпы әлеуметтік, арнайы криминологиялық және жекелеген профилактикалық бағыттардан тұрады. Әр деңгей өзіне тән нысандар мен әдістерді қамтиды: әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы өмір сүру жағдайын жақсарту; құқықтық ағарту мен тәрбиелік жұмыстар жүргізу; құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру; сондай-ақ құқық бұзушылықтың жеке себептерін бейтараптандыру.

Қоғамға қарсы мінез-құлықпен күресте басты назар тек құқық бұзушылықтың салдарын жоюға емес, оны туындататын себептер мен жағдайларды жоюға аударылуы тиіс. Бұл тұрғыда әрбір азаматтың құқықтық санасын қалыптастыру, азаматтық жауапкершілігін арттыру, және қоғам алдындағы борыш сезімін күшейту қылмыстың алдын алудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осылайша, қазіргі заманғы құқықтық саясаттың негізгі бағыты қылмыстылықтың алдын алуды мемлекеттік және қоғамдық басқарудың стратегиялық басымдығы ретінде қарастыру. Бұл өз кезегінде құқықтық мемлекеттің даму деңгейін және қоғамдағы адам мен азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету дәрежесін айқындайды [6].

Көліктік қылмыстардың алдын алу жүйесі көпдеңгейлі сипатқа ие, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық және техникалық деңгей негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл деңгей қылмыстылықтың жалпы әлеуметтік себептерін жоюға, көлік саласындағы қауіпсіздік стандарттарын жетілдіруге және көлік инфрақұрылымының тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған деңгей ауқымды экономикалық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік-этикалық, техникалық және ұйымдастырушылық-басқару мәселелерін кешенді түрде шешуді қамтиды. Мұндай шаралар көлік инфрақұрылымының дамуымен, көлік құралдарының қауіпсіздігін арттырумен және жол қозғалысына қатысушылардың құқықтық және моральдық мәдениетін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Жалпы әлеуметтік шаралар көлік құралдары мен көлік коммуникацияларының жоғары технологиялық үлгілерін жасау және өндіруді, көлік жүйесін заманауи деңгейде ұстап тұруды, көлік құралдарының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіруді қамтиды. Сонымен қатар, көлік қозғалысына қатысушыларды адамгершілік-этикалық тұрғыдан тәрбиелеу және қауіпсіздік мәдениетін арттыру бағытындағы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру да маңызды рөл атқарады.

Қоғамдық өмірде осындай шараларды жүзеге асыру көліктік қылмыстардың алдын алу тиімділігін арттыруға, жол-көлік тәртібін нығайтуға және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға елеулі әсер етеді. Бұл бағыттағы әлеуметтік-экономикалық даму шаралары қылмыстың себептері мен алғышарттарын азайтып, көлік саласындағы құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Алайда әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың бүкіл кешенін талдау зерттеуіміздің шеңберінен шығып кететінін атап өткен жөн. Дегенмен, абайсызда жасалатын көліктік қылмыстардың алдын алу жүйесінде техникалық сипаттағы шаралар ерекше маңызға ие.

Мұндай техникалық шараларға көлік құралдарын заманауи қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау, интеллектуалды басқару технологияларын енгізу, жол инфрақұрылымын автоматтандыру және цифрландыру, көлік қозғалысын бақылау мен мониторингтің интеллектуалды жүйелерін дамыту жатады. Бұл инновациялық тәсілдер көлік апаттарының санын азайтуға, жүргізушілердің тәртібін бақылауға және құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Көліктік қылмыстардың алдын алудың арнайы профилактикалық деңгейі көлік қатынасына қатысушылардың - жүргізушілердің, жолаушылардың, жүргіншілердің, сондай-ақ көлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және пайдалану саласындағы қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған нақты ұйымдастырушылық, құқықтық және тәрбиелік іс-шаралардың жиынтығын қамтиды.

Бұл бағыттағы алдын алу жұмыстарының мазмұны келесі негізгі іс-қимыл түрлерінен тұрады:

а) көлік құралдарын пайдалану мен қозғалыстың қауіпсіздік ережелерін сақтауын тұрақты бақылау;

ә) әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа әкелетін көліктік деликтілердің алдын алу;

б) көлік тәртібін бұзған тұлғаларға заңда көзделген санкциялар қолдану;

в) апаттық жағдайлардың туындауына себепші нақты факторларды анықтау және жою (көлік коммуникацияларының техникалық жағдайын жақсарту, көлік құралдарының техникалық жарамдылығын қамтамасыз ету, жүргізушілерді кәсіби даярлау және біліктілігін арттыру);

г) көлік жүргізушілерімен, көлік саласы қызметкерлерімен және жол қозғалысының басқа қатысушыларымен жүйелі құқықтық және тәрбиелік жұмыстар жүргізу [7].

Арнайы алдын алу жұмыстарының тиімділігі көбіне ықтимал құқық бұзушылармен ерте кезеңде жүргізілетін шараларға байланысты. Бұл бағытта жүргізілетін мақсатты жұмыс көліктің қауіпсіз қызмет етуін қамтамасыз ету және көліктік қылмыстардың алдын алу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері Қазақстан Республикасының құқық қорғау және бақылау құрылымдарының құзыретіне кіреді. Атап айтқанда, бұл функциялар: ҚР Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі Жол полициясына, Су көлігіндегі қауіпсіздік инспекциясына, Әуе көлігінде мемлекеттік әуе қадағалауға, Теміржол көлігінде ревизиялық бақылау қызметтеріне жүктелген.

Жол полициясының қызметі көліктік қылмыстардың алдын алудың басты бағыттарының бірі болып табылады. Оған келесі міндеттер жүктеледі: а) автомотокөлік және жүргіншілер қозғалысын ұйымдастыру мен реттеу; ә) жол қозғалысы ережелерін сақтауын бақылау және бұзушылықтардың алдын алу; б) көлік құралдарын заңсыз айдап әкету фактілерін анықтау және кінәлілерді ұстауға қатысу; в) жол желілерінің техникалық күйін бақылау; г) көлік құралдарының техникалық жарамдылығын тексеру және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қадағалау; д) автокөлік құралдарын тіркеу, есепке алу және олардың қозғалысын мониторингтеу; е) жол-көлік оқиғаларының статистикасын жүргізу және талдау; ж) жол-көлік оқиғаларына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау; з) алдын алу шараларын қолдану және тәртіп бұзушыларға заңда көзделген әкімшілік ықпал ету шараларын жүзеге асыру; и) халық арасында құқықтық насихат пен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, Жол полициясы көлік инфрақұрылымын жетілдіру және қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында бірқатар қосымша функцияларды орындайды, атап айтқанда: жол коммуникацияларын қажетті қоршаулармен, жарықтандыру жүйелерімен, ақпараттық және ескерту белгілерімен жарактандыруға қатысу; жүргізушілерді кәсіби даярлау мен қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру, олардың біліктілігін уақтылы арттыру; көлік құралдарының конструктивтік ерекшеліктерін жетілдіру және белсенді қауіпсіздік құралдарын (жаракат қаупін азайтатын элементтер, қорғаныс құрылғылары және т.б.) енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу; жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге дер кезінде көмек көрсету әдістемелерін жетілдіру.

Жол-көлік оқиғаларының арнайы алдын алу саласында аталған функциялар теміржол, әуе және су көліктеріндегі ведомстволық бақылау органдары тарапынан да жүзеге асырылады. Бұл құрылымдардың қызметі көліктің әр түріне тән қауіпсіздік ерекшеліктерін ескере отырып, өндірістік және көліктік тәртіпті сақтау, техникалық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету, апаттық жағдайлардың алдын алу бағыттарына шоғырланған.

Көліктік қылмыстылықпен күрес саласында криминологиялық талдау мен болжаудың тиімділігі оның кері байланысын бағалау деңгейіне тікелей тәуелді. Яғни, көліктік қылмыстардың динамикасы мен құрылымына әсер ететін заңнамалық, әлеуметтік және экономикалық факторлардың өзара әрекетін нақты бағалай білу маңызды. Бұл тұрғыда криминологиялық болжам тек эмпирикалық көрсеткіштерге сүйеніп қана қоймай, құқықтық реттеу жүйесіндегі өзгерістердің ықпалын да ескеруі тиіс.

Криминологиялық болжау барысында заң шығарушының көліктік деликтілердің жекелеген түрлерін декриминализациялау немесе керісінше, криминализациялау жөніндегі жоспарларын,

яғни «түзету коэффициенттерін» ескеру қажет. Себебі мұндай өзгерістер құқық бұзушылықтың ресми статистикасына ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік қауіптілік деңгейін бағалауға да тікелей әсер етеді.

2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қабылдануы көліктік қылмыстарды құқықтық тұрғыдан қайта қарауға айтарлықтай ықпал етті [1]. Атап айтқанда, жаңа Қылмыстық кодексте көлік құралдарын пайдалану саласындағы жауапкершілік нормалары нақтыланып, қоғамдық қауіптіліктің дәрежесіне қарай қылмыстық және әкімшілік деликтілердің шекарасы айқындалды. Бұл, өз кезегінде, құқықтық саясатта дифференциация және ізгілендіру қағидаттарын іске асыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Мысалы, көлік құралдарын мас күйінде басқарғаны үшін қатаң қылмыстық жауаптылық енгізілуі, ал жол-көлік оқиғасы зардаптары болмаған жағдайда кейбір құқық бұзушылықтардың әкімшілік деңгейге ауыстырылуы - заң шығарушының қоғамдық қауіптілік дәрежесін нақты бағалау қабілетін көрсетеді. Мұндай тәсіл құқықтық нормалардың қылмыстық саясаттағы «икемділігін» қамтамасыз етеді және криминологиялық болжау жүйесінде маңызды түзету факторы ретінде қарастырылуы тиіс.

Осыған байланысты, заң шығарушының көліктік қылмыстарға қатысты криминализация және декриминализация саясатының әсерін елемеу криминологиялық болжамның ақпараттық және практикалық құндылығын едәуір төмендетуі мүмкін. Себебі, құқықтық реттеу шеңберіндегі кез келген өзгеріс - статистикалық деректердің, құқық қорғау органдары қызметінің және қылмыстық ахуалдың динамикасына әсер ететін маңызды параметр.

Мұндай жағдайларда қылмыстық-құқықтық болжам ғылыми негізделген криминологиялық болжамды жүзеге асыру үшін бастапқы база ретінде қызмет етеді. Басқаша айтқанда, заңнамалық өзгерістер мен олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі салдарын бағалау көліктік қылмыстылықтың даму үрдісін болжаудың негізгі элементі болып табылады. Қорыта айтқанда, көліктік қылмыстылықтың алдын алу мен болжау саласында қылмыстық заңнаманың эволюциясын, соның ішінде 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің қабылдануынан кейінгі түзетулер мен толықтыруларды кешенді түрде талдау ғылыми тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да өзекті. Бұл тәсіл заң шығарушының «сезімтал» рөлін ескере отырып, қылмыстық саясаттың тиімділігін арттыруға және көлік саласындағы құқық бұзушылықтың нақты себептері мен динамикасын дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың қоғам үшін елеулі қауіп төндіретін әлеуметтік-құқықтық құбылыс екені анықталды. Мұндай қылмыстардың деңгейі мен құрылымына әсер ететін негізгі факторлар құқықтық реттеудің олқылықтары, құқық бұзушылық мәдениетінің төмендігі, азаматтардың жол қозғалысы ережелерін сақтамауы және бақылау жүйесінің жеткіліксіздігі болып табылады.

Жол-көлік қылмыстылығын тиімді түрде азайту үшін кешенді криминологиялық және құқықтық шараларды жүзеге асыру қажет. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының үйлесімді қызметін қамтамасыз ету, заңнамалық базаны жетілдіру, профилактикалық жұмыстарды күшейту және жол қозғалысына қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттыру маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша ғылыми негізделген мониторингтік және аналитикалық жүйелерді енгізу, деректерді цифрландыру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу тиімділігін арттыру қажет.

Қорыта келгенде, жол-көлік қылмыстылығының алдын алу бұл тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, қоғамның барлық мүшелерінің ортақ жауапкершілігін талап ететін көпқырлы процесс. Криминологиялық және құқықтық негіздерді үйлестіре отырып, қауіпсіз жол-көлік ортасын қалыптастыру – еліміздің әлеуметтік тұрақтылығы мен азаматтардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Авторлардың үлесі

Кылышбаев Д.М. зерттеу тақырыбын айқындап, ғылыми тұжырымдаманы әзірледі, жол-көлік саласындағы қылмыстылықтың криминологиялық және құқықтық негіздерін талдады, мақаланың негізгі мәтінін жазды және қорытындыларын қалыптастырды.

Калкаева Н.Б. ғылыми дереккөздерге шолу жасап, статистикалық және нормативтік-құқықтық материалдарды жинақтады, зерттеу нәтижелерін жүйелеуге және мақаланың мазмұнын редакциялауға үлес қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Проблемы криминологической детерминации / Кузнецова Н.Ф.; Под ред.: Кудрявцев В.Н. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. - 208 с.
- 2 Варыгин А.Н. Основы криминологии и профилактики преступлений : учебник для вузов / А. Н. Варыгин, В. Г. Громов, О. В. Шляпникова ; под редакцией А. Н. Варыгина. - 2-е изд. - Москва : Издательство Юрайт, 2025. - 165 с.
- 3 Прозументов Л.М. Общесоциальные детерминанты преступности // Всероссийский криминологический журнал. - 2018. - Т. 12. - № 1. - С. 5-14.Монтескье Ш.Л. О духе законов. - Москва, 2023. -832 с.
- 4 Монтескье Ш.Л. О духе законов. -Москва, 2023. -832 с.
- 5 Грошев А.В. Уголовный закон и правосознание: теоретические проблемы уголовно-правового регулирования. -Екатеринбург, 1994, -223 с.
- 6 Каиржанов Е.Криминология. Общая часть: учебник. - Алматы: Өркениет, 2015. – 287 с.
- 7 Криминология: учебник / под общ. ред. А. И. Долговой. - 4-е изд., перераб. и доп. - Москва: Норма: ИНФРА-М, 2020. - 1008 с.

References:

- 1 Problemy kriminologicheskoy determinacii / Kuznecova N.F.; Pod red.: Kudrjavcev V.N. - M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1984. - 208 s.
- 2 Varygin A.N. Osnovy kriminologii i profilaktiki prestuplenij: uchebnik dlja vuzov / A. N. Varygin, V. G. Gromov, O. V. Shljapnikova ; pod redakciej A. N. Varygina. - 2-e izd. - Moskva : Izdatel'stvo Jurajt, 2025. - 165 s.
- 3 Prozumentov, L.M. Obshhesocial'nye determinanty prestupnosti // Vserossijskij kriminologicheskij zhurnal. - 2018. - T. 12. - № 1. - S. 5-14.Montesk'e Sh.L. O duhe zakonov. -Moskva, 2023. -832 s.
- 4 Montesk'e Sh.L. O duhe zakonov. -Moskva, 2023. -832 s.
- 5 Groshev A.V. Ugolovnyj zakon i pravosoznanie: teoreticheskie problemy ugolovno-pravovogo regulirovaniya. -Ekaterinburg, 1994, - 223 s.
- 6 Kairzhanov E. Kriminologija. Obshhaja chast': uchebnik. - Almaty: Өrkeniet, 2015. - 287s.
- 7 Kriminologija: uchebnik / pod obsh. red. A. I. Dolgovej. - 4-e izd., pererab. i dop. - Moskva: Norma: INFRA-M., 2020. - 1008 s.